

aceline

Пайдалану
бойынша нұсқаулық

Портативті
радиостанция
G1

Мазмұны

Құрылғының тағайындалуы	3
Сақтық шаралары	3
Құрылғының тәсімі.....	4
Пайдалануды бастар алдында	6
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	6
Техникалық сипаттамалары	11
Жинақталым	11
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	12
Қосымша ақпарат.....	13

Құрметті сатып алушы!

Сізге «Aceline» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және бұйымды одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы


Портативті радиостанция бірнеше радиостанциялар арасында дауысты қабылдауға және беруге арналған.


Сақтық шаралары

- Егер Сіз жеке медициналық құрылғыларды тағып жүрсеңіз, дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Егер ол зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Жарылу қаупі жоғары аймақтарда (мысалы, АЖС, кемелердің төменгі палубаларында, отын қоймаларында және т.б.) құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Көлік құралын басқару кезінде құрылғыны пайдаланбаңыз. Рацияны автомобильде қолданған кезде, оны ешқашан қауіпсіздік жастықтары орнатылған жерлерде орналастырмаңыз, өйткені жастықтар іске қосылған кезде рация жоғары жылдамдықпен ұшып, қатты зақым келтіруі мүмкін.
- Әуе кемесінің бортында және госпитальда болған кезде құрылғыны өшіріңіз.
- Кедергілерді болдырмау үшін құрылғыны радио қабылдағышқа жақын пайдаланбаңыз.
- Егер Сіз оны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, қуат элементтерін құрылғыдан алыңыз.
- Жаңа және бұрын қолданылған қуат элементтерін бірге пайдаланбаңыз.

- Таратқыш пен антеннаны бетіңізден кемінде 5 сантиметр қашықтықта орналастырыңыз. Құрылғыны антеннасын жоғары қаратып ұстаңыз.
- Құрылғыны дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Тазалау үшін тазартқыш заттарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Құрылғыға өз бетіңізше өзгерістер енгізбеңіз. Құрылғы зақымдалған жағдайда оны жөндеуді тек білікті маман жүргізуі керек.
- Құрылғы жедел қызметтерді шақыруға арналмаған.

Құрылғының тәсімі





1. Антенна.
2. Сканерлеу индикаторы.
3. VOX режимінің индикаторы.
4. Шамның батырмасы.
5. Аккумуляторды зарядтау индикаторы.
6. «Сканерлеу» батырмасы.
7. Батырмаларды бұғаттау индикаторы.
8. «Төмен» батырмасы.
9. «Сигнал» батырмасы.
10. «Talk» батырмасы.
11. Динамик.
12. Арна нөмірі / мәзір пункті.
13. STCSS коды / параметр мәні.
14. «Қос./өшір.» батырмасы.
15. TX/RX режимдерінің индикаторы.
16. «Menu» батырмасы.
17. Дыбыс деңгейінің көрсеткіші.
18. Микрофон.
19. «Жоғары» батырмасы.
20. «Мон» батырмасы.
21. Құлаққапты, микрофонды немесе зарядты қосуға арналған 2,5 мм ағытпа.
22. Шам.
23. Қыспаның ілмегі.
24. Белдікке арналған қыспа.
25. Батареялар (жинақталымға кірмейді).
26. Батарея бөлігінің қақпағы.

Пайдалануды бастар алдында

Радиостанцияны пайдалануды бастамас бұрын оған 4 AAA батареясын салу керек. Ол үшін алдымен қыспаның ілмегін көтеріп, қыспаны басу керек және оны алдыңғы бөлімдегі екінші схемада көрсетілгендей жоғары қарай тарту керек.

Әрі қарай, батарея бөлімін ашып, полярлықты сақтай отырып, оған 4 AAA батареясын салыңыз. Қақпақты ашыңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Құрылғыны қосу/сөндіру

Радиостанцияны қосу/өшіру үшін 3 секунд «Қосу/өшір.» батырмасын басып тұрыңыз, осы кезде Сіз дыбыстық сигналды естисіз.

Дауыс қаттылығын реттеу

Дыбыс деңгейін жоғарылату және азайту үшін «Жоғары» және «Төмен» батырмаларын пайдаланыңыз.

Ескертпе: ағымдағы дыбыс деңгейі экранның төменгі жағында көрсетіледі.

Батарея зарядының индикаторы

Батарея зарядының деңгейі экранның төменгі сол жақ бұрышында батарея ұяшықтары ретінде көрсетілген. Толтырылған батарея зарядтың максималды деңгейін білдіреді, ал босы - минималды. Батарея деңгейі тым төмен болған кезде, батарея индикаторы жыпылықтай бастайды, сонымен қатар дыбыстық сигнал шығады. Бұл батареяларды ауыстыру немесе егер олар қайта зарядталатын болса қайта зарядтау уақыты келді дегенді білдіреді.

Сигналды қабылдау және беру

Қосылғаннан кейін бірден құрылғы қабылдау режимінде болады, яғни ол таңдалған жиілікте берілетін дауысты немесе басқа дыбыстық сигналдарды қабылдауға дайын.

Егер Сіз «Қоңырау шалу» батырмасын бассаңыз, радиостанция жіберу режиміне өтеді. Сіз дауысты немесе дыбыстық сигналдарды басқа құрылғыға жібере аласыз.

Дауыстық хабарлама жіберу үшін «Talk» батырмасын басып ұстап тұрып, микрофонға сөйлеңіз. Хабарламаңызды жіберуді аяқтағанша батырманы басып тұрыңыз, содан кейін батырманы босатыңыз. Бұл жағдайда құрылғыны бетіңізден кемінде 5 см қашықтықта ұстаңыз.

Ескертпелер:

- сіз байланыс орнатқыңыз келетін радиостанция сол арнаға және CTCSS кодына теңшелуі керек (толығырақ келесі бөлімдерде);
- жіберуді аяқтағаннан кейін және «Talk» батырмасын босатқаннан кейін, екінші радиостанция сигнал жіберуге дайын екенін білдіретін дыбыстық сигнал шығарады.

Байланыс арнасын орнату

Қажетті арнаға ауысу үшін келесі әрекеттерді орындау керек.

- «Menu» батырмасын бір рет басыңыз; экранда ағымдағы арна нөмірі жыпылықтайды.
- Қажетті арна нөмірін таңдау үшін «Жоғары» және «Төмен» батырмаларын пайдаланыңыз.
- Таңдалған арнаны растау және күту режиміне оралу үшін «Talk» батырмасын басыңыз.

Ескертпе: теңшеу кезінде 15 секунд ішінде басулар болмаған жағдайда радиостанция күту режиміне оралады.

CTCSS кодтары (кодтық шуды басудың үздіксіз тоналды жүйесінің)

Лицензияны талап етпейтін және 462 МГц жиілікте жұмыс істейтін радиостанциялардың сигнал беруге арналған 22 арнасы бар. Егер Сіздің қасыңызда басқа радиостанция пайдаланушылары болса, онда Сіздер бір байланыс арнасын пайдалануыңыз ықтимал. Мұндайды болдырмау үшін, кіші арналар ойлап табылды. Осының арқасында екі радиостанция бірдей арнаға және кіші арнаға теңшелген жағдайда ғана бір-бірімен сигнал алмаса алады. Бұл радиостанция CTCSS стандартының (кодтық шуды басудың үздіксіз тоналды жүйесінің) ішкі арналарын қолдайды.

СТССS кодтарын пайдаланған кезде дыбыстық сигналмен бірге төмен жиілікті сигнал беріледі (67-ден 250 Гц-ке дейін). Бұл радиостанция осындай 38 кодты қолдайды және Сіз олардың кез келгенін таңдай аласыз. Шуды басудың арқасында бұл сигналдар Сіздің хабарлама алмасуыңызға кедергі болмайды.

СТССS кодын теңшеу

- «Menu» батырмасын екі рет басыңыз: экранда ағымдағы СТССS коды жыпылықтайды.
- Басқа кодты таңдау үшін «Жоғары» және «Төмен» батырмаларын пайдаланыңыз.
- Кодты растау және күту режиміне оралу үшін «Talk» батырмасын басыңыз.

Ескертпе: СТССS кодын өшіру үшін экрандағы «OF» мәнін таңдап, «Talk» батырмасын басыңыз.

Радиоэфир мониторингі режимі

Ағымдағы байланыс арнасында тіпті әлсіз сигналдарды табу үшін Сіз мониторинг режимін пайдалана аласыз.

- Мониторинг режимін іске қосу үшін «Mon» батырмасын басыңыз.
- Осы режимнен шығу үшін тағы бір рет «Mon» батырмасын басыңыз.

Ескертпе: мониторинг режимінде құрылғы қабылдағышы кез-келген СТССS кодтарды елемейді.

Жіберуді дауыстық белсендіру режимі (VOX)

VOX режимінде радиостанция Сіздің дауысыңызды немесе айналаңыздағы басқа дыбыстарды ұстаған кезде сигнал жібереді. Бұл режим шулы немесе желді ортада қолдануға жарамайды.

Ескертпе: «Talk» батырмасын басу тіпті Vox режимін пайдаланғанда да сигнал жіберуді бастайды.

Vox режимін іске қосу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

- «Menu» батырмасын үш рет басыңыз: экранда сезімталдықтың ағымдағы мәні жыпылықтайды және VOX белгішесі жанады.
- Қажетті сезімталдық деңгейін 1-ден 3-ке дейін (максималды сезімталдық) орнату үшін «Жоғары» батырмасын пайдаланыңыз.
- VOX режимін өшіру үшін «OF» мәні шыққанға дейін «Төмен» батырмасын басыңыз.
- Таңдауды растау үшін «Talk» батырмасын басыңыз.

Байланыс арналарын сканерлеу

- «Сканерлеу» батырмасын басыңыз: экранда сканерлеу индикаторы пайда болады, ал радиостанция 1-ден 22-ге дейінгі арналарды сканерлей бастайды.
- Арналарды кері ретпен 22-ден 1-ге дейін сканерлеуді бастау үшін «Төмен» батырмасын басыңыз.
- Белсенді арна табылған кезде сканерлеу тоқтайды және Сіз трансляцияны тыңдай аласыз.
- Табылған арнадағы трансляция тоқтаған кезде сканерлеу автоматты түрде жалғасады.

Ескертпе: егер Сіз табылған арнаны тыңдау кезінде «Talk» батырмасын бассаңыз, радиостанция осы арнада күту режиміне өтеді.

Тоналды сигналдар

Тоналды сигнал радио эфирдің басқа мүшелеріне Сіз хабарлама жібергіңіз келетіні туралы хабарлауға арналған.

Тоналды сигналды теңшеу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

- «Menu» батырмасын 4 рет басыңыз: экранда «CA» жазуы жыпылықтайды және ағымдағы тоналды сигналдың нөмірі көрсетіледі.
- Басқа тоналды сигналды таңдау үшін «Жоғары» және «Төмен» батырмаларын пайдаланыңыз.
- Таңдауды растау және күту режиміне оралу үшін «Talk» батырмасын басыңыз.

Енді Сіз таңдалған арнада тоналды сигналды жіберу үшін күту режимінде «Сигнал» батырмасын баса аласыз.

Басқан кезде дыбыстарды қосу/өшіру

Кез-келген батырманы басқан кезде қысқа дыбыстық сигнал әдепкі бойынша шығады.

- «Menu» батырмасын 5 рет басыңыз: экранда «tO» деген жазу шығады.
- Дыбысты қосу (ON) немесе өшіру (OF) үшін «Жоғары» немесе «Төмен» батырмасын басыңыз.
- Таңдауды растау және күту режиміне оралу үшін «Talk» батырмасын басыңыз.

Жіберудің аяқталуының сигналы

Сіз «Talk» батырмасын босатқаннан кейін Сіздің радиостанцияңыз жіберудің Сіз жақтан аяқталғаны туралы сигнал шығарады.

- «Menu2 батырмасын 6 рет басыңыз: экранда «rO» деген жазу пайда болады.
- Берудің аяқталу сигналын жіберуді қосу (ON) немесе өшіру (OF) үшін «Жоғары» немесе «Төмен» батырмасын басыңыз.
- Таңдауды растау және күту режиміне оралу үшін «Talk» батырмасын басыңыз.

Батырмаларды бұғаттау

- Батырмаларды құлыптау үшін «Menu» батырмасын 2 секунд басып ұстап тұрыңыз; экранда кілт белгішесі пайда болады.
- Батырмалардың құлпын ашу үшін «Menu» батырмасын тағы 2 секунд басып ұстап тұрыңыз.

Ескертпе: «Talk», «Сигнал», «Mon», «Қосу./өшір.» батырмалары батырмалар бұғатталған кезде де жұмыс істейді.

Экранның көмескі жарығы

LCD- экранының көмескі жарығын іске қосу үшін «Menu» «Mon» - нан басқа кез келген батырманы басыңыз. Жарықтандыру басқаннан кейін 5 секунд белсенді болады.

Құлаққаптарды қосу

Бұл радиостанция жинақталымдағы гарнитурамен бірге пайдаланылуы мүмкін. Гарнитураны қосуға арналған ағытпа құрылғының жоғарғы жағында орналасқан.

Гарнитурадағы батырма құрылғыдағы «Talk» батырмасының функцияларын орындайды. Сіз гарнитурадағы «Talk» батырмасын пайдаланған кезде, жазу үшін ондағы микрофонды да пайдалануыңыз керек.

Ескертпе: басқа гарнитураларды қоспаңыз. Бұл радиостанцияға зиян тигізуі мүмкін.

Аккумулятор зарядын үнемдеу

Пайдаланушы сигналы немесе әрекеті болмаған кезде, сондай-ақ арна бос болмаса, радиостанция аккумулятор зарядын үнемдеу үшін энергияны тұтынуды автоматты түрде азайтады.

Кіріктірілген шам

Бұл құрылғы жарық сигналдарын беру үшін кіріктірілген шаммен жабдықталған.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: G1.
- Жиілік диапазоны: 446 - 446.1 МГц.
- Арналардың саны: 8.
- Жад арналарының саны: 38.
- Таратқыштың қуаты: 0,5 Вт.
- Ашық жерде әрекет ету радиусы: 3 км дейін.
- Кодтардың саны: 99.
- Кодтау стандарттары: CTCSS, DCS.
- Арналарды сканерлеу: бар.
- Автоматты түрде шуды басқыш: бар.
- Батареялардан қуат алу: AAA типі, 4 дана (жинақталымға кірмейді).

Жинақталым

- Радиостанция (2 дана.).
- Тағуға арналған қыспа (2 дана).
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болса монтаждауды және тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмау тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс кжоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь И-стайл Тэкнолоджи Ко., лтд.
R502, Фүхун ғим., №3 Даян тас жолы, Цяотоу қауымдастығы, Фүхай көше., Баоань ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы:
info@dns-shop.kz

Қытайда жасалған.

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

✂

aceline